

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы № 119 және 2006 жылғы 10 қарашадағы № 1074 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 шілдедегі N 763 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Ақжайық" мемлекеттік табиғи резерваты" мемлекеттік мекемесін құрудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы № 119 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-і 2009 ж., № 9, 46-құжат):

2 - тармақта:

бірінші абзацтағы "83367" деген цифрлар "12602" деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"12602 га - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатындағы жерлерден алынсын;" ;

үшінші, төртінші абзацтар алып тасталсын;

3 - тармақта:

бірінші бөліктегі "28133" деген цифрлар "98898" деген цифрлармен ауыстырылсын; екінші бөліктегі ", су қоры жерлері және өнеркәсіп, көлік, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер" деген сөздер алып тасталсын; көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан
Үкіметінің
2010 жылғы

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Республикасы

29

шілдедегі

**"Ақжайық" мемлекеттік табиғи резерватына Атырау қаласы мен Атырау облысы Махамбет ауданының аумағындағы тұрақты жер пайдалануға берілетін жер учаскелерінің
ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ**

P/ с №	Атауы	Резерваттың жалпы көлемі, га	Оның ішінде						
			а у ы л шаруашылығы мақсатындағы жерлер	оның:		босалқы жерлер	оның:		
				а у ы л шаруашылығы мақсатындағы жерлері	батпақты жерлер		а у ы л шаруашылығы жерлері	оның ішінде жайылымдар	батпақты жерлер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Махамбет ауданы									
1	"Первомайский" ЖШС	5 943	5 943	-	5 943	-	-	-	-
2	Босалқы жерлер, оның ішінде	51 652	-	-	-	51 652	9 650	9 650	42 002
	теңіз акваторийі	10 599	-	-	-	10 599	-	-	-
	Жиыны:	57 595	5 943	-	5 943	51 652	9 650	9 650	42 002
Атырау қаласы									
1	"Амангелді" ӨК	3 022	3 022	-	3 022	-	-	-	-
2	"Аманат Арал" ӨК	760	760	-	760	-	-	-	-
3	"Еркін қала" ӨК	1 067	1 067	-	1 067	-	-	-	-
4	"Құрманғазы" ӨК	1 159	1 159	-	1 159	-	-	-	-
5	"Қызыл Балық" ӨК	651	651	-	651	-	-	-	-
6	Босалқы жерлер, оның ішінде	47 246	-	-	-	47 246	-	-	47 246
	теңіз акваторийі	26 771	-	-	-	26 771	-	-	-
	Жиыны:	53 905	6 659	-	6 659	47 246	-	-	47 246
	Барлық жерлер:	111 500	12 602	-	12 602	98 898	9 650	9 650	89 248

Ескертпе:	аббревиатуралардың	толық	жазылуы:
ЖШС	- жауапкершілігі	шектеулі	серіктестік
ӨК	- өндірістік кооператив		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК